

Аңдатпа

Бұл дипломдық жұмыста фазалық роторлы асинхронды қозғалтқышты жобалау қарастырылды, олардың құрылысы және мінездемелеріне тоқталды. Электр қозғалтқышының якорінің диаметрін және беріліс параметрлерінің теңдеулермен есептеулер жасадым. Сонымен қатар фазалық роторлы асинхронды электр қозғалтқышына электромагниттік есептеу жасап және паздар санын қарастырдым, өткізгіштер өлшемдері, паздар және тістер санын есептедім, якорьдің ұзындығы және магниттік ағынды анықтадық, магнит тізбегінің участкілеріндегі магниттік кернеуліктерін есептедім.

Келесі бөлімде зәкір реакциясының әсерін есептеуді, зәкір магниттену әрекетінің компенсациясын есептеуді, ГКЗ қимасын, магниттік тізбекті есептеу шарттарын, негізгі полюстерді, қосымша полюстерді және коммутация параметрлерін есептеуді орындады. Электр қозғалтқыштың ПӘК-ін есептеу және сипаттаманы тұрғызу. Өмір тіршілік қауіпсіздік бөлімінде электр жетегін пайдалану кезіндегі техника қауіпсіздігі (монтаж, жөндеу т.б.) қозғалтқыш қондырғысын қорғаныстық жерге қосуды есептеу жүргіздім.

Техника- экономикалық электр жетек жүйесін таңдау нұсқаларының технико-экономикалық салыстыруын, электр жетек жетілдіру капиталды шығынын, еңбек сыйымдылығы, жобаны ұйымдастыру техника-экономикалық шаралар тиімділігіне есептеулер жүргізіп, шығындарын есептедім.